



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР
ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Астана қаласы, 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

- 2022 жылдың негізгі оқиғалары
- Басқарма Төрағасының үндеуі
- Орталық туралы
- Даму стратегиясы
- Қазақстан Республикасының Ең үздік қолжетімді техника қағидаттарына көшуіне жәрдемдесу
- Жасыл технологиялар нарығын дамыту
- Халықаралық ынтымақтастық
- Ақпараттық жұмыс
- Корпоративтік басқару
- Орнықты даму
- Адам ресурстарын басқару
- Орталық қызметіне қаржылық-экономикалық шолу
- Аудит және қаржылық есептілік

2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

- Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша 7 анықтамалық жобасы әзірленді, тиісті ТЖТ-мен келісілді және уәкілетті органға жіберілді;
- **Readiness-2** бағдарламасын іске асыру туралы гранттық келісімге қол қойылды;
- "Қазақстандағы таза технологиялар саласындағы инновациялардың жаһандық бағдарламасы - Қазақстанда «жасыл" жұмыс орындарын ашу үшін ШОБ-та таза технологиялар мен кәсіпкерлік саласындағы инновацияларды ілгерілету» бағдарламасын іске асыру туралы келісімге қол қойылды (**GCIP-Kazakhstan**)»;
- "Жасыл" сатып алу стандарттарын қолдану мәселелерінде шетелдердің тәсілдері бойынша зерттеу жүргізілді;
- Қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған жобаларды іске асыруда техникалық және/немесе қаржылық қолдау көрсететін ЭЫДҰ елдерінің қорларына шолу жүргізілді.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**Ағабеков
Олжас
Пернеханұлы**

Құрметті қауым!

Жаңа экологиялық кодексте бірінші санаттағы объектілердің ең үздік қолжетімді техниканы (ЕҚТ) енгізу шартымен үшін кешенді экологиялық рұқсаттарға көшуі көзделген.

Мемлекеттік органдар, ғылыми ұйымдар, экологиялық қауымдастықтар өкілдерінің, жұртшылық өкілдерінің, сондай-ақ өнеркәсіп субъектілері мен халықаралық сарапшылардың қатысуымен І-санаттағы ТОП-50 кәсіпорындарды қамту шеңберінде Қазақстанның ЕҚТ бюросының функциялары жүктелген Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы 2021 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде ЕҚТ бойынша 12 анықтамалық әзірледі.

ЕҚТ енгізілгеннен кейін туындайтын мүмкіндіктер арасында жаңғырту үшін жаңа инвестициялар тартуды, жаңа өндірістерді дамытуды және құруды, технологиялар трансфертін, сондай-ақ тұрақты даму мен жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыруды бөліп көрсетуге болады..

Сонымен қатар, ең үздік қолжетімді техникаларға көшу және жасыл технологияларды енгізу елеулі қосымша қаржыландыруды және инновациялық тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Осыған байланысты Орталық өзінің ресурстарына тікелей қол жеткізу үшін Жасыл климат қорынан (ЖКҚ) аккредиттеу алу бойынша стратегиялық міндет қойды..

Орталық 2022 жылы «Readiness-2» ЖКҚ-ның қаржыландыруына Қазақстан Республикасының әзірлігін қолдау бағдарламасын іске асыруға гранттық қаражат алу бойынша жұмыс жүргізді, келісімге қол қойылды және қазіргі уақытта жоба іске асырылып жатыр.

Біз қол жеткізуді жоспарлап отырған бағдарламаның маңызды нәтижесі: Қазақстанда даму парадигмасын өзгертуге, жасыл экономиканы дамытуға және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесетін - ЖКҚ инвестицияларын тарту үшін мүмкіндіктер жасау.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Іске асырылып жатқан жоба ЖКҚ-мен жұмыс істеу үшін уәкілетті органның әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді, мемлекеттік қолдау арқылы ғана емес, халықаралық және ұлттық инвестицияларды тікелей құю арқылы да жасыл жобаларды іске асыруға ықпал ететін болады. Бұл жұмыс жобаны іске асыру кезінде де, ол аяқталғаннан кейін де жалғасатынына сенімдіміз. Оған қоса ұлттық компаниялар мен қоғамдық ұйымдар осы жұмыстарды іске асыруға белсенді түрде жәрдемдеседі деп үміттенеміз..

Біздің орталық тартқан екінші ірі жоба "Қазақстандағы таза технологиялар саласындағы инновациялардың жаһандық бағдарламасы - Қазақстанда «жасыл» жұмыс орындарын ашу үшін ШОБ-та таза технологиялар мен кәсіпкерлік саласындағы инновацияларды ілгерілету" (GCIIP-Kazakhstan) болып табылады, бұл жоба ЮНИДО-мен бірлесіп іске асырылады және Жаһандық экологиялық қор қаржыландырады.

Орталық Азияның GCIIP-ге қосылған бірінші елі ретінде Қазақстан үшін бұл - өңірлердің экологиялық проблемаларын шешу үшін жасыл технологиялардың тиімді технологиялық платформасын құрудың бірегей мүмкіндігі.

GCIIP-Kazakhstan жобасын іске асыру елдік мақсаттарға қол жеткізуге үлкен үлес қосады және Green tech технологиялық платформасын, сондай-ақ таза технологияларды дамыту үшін экономикалық ынталандыру шаралары бар Орталық Азияның Климаттық хабын құру үшін жақсы база бола алады. Құрметті оқырмандар, ұсынылған жылдық есепте біздің жұмысымыздың нәтижелерімен толығырақ таныса аласыз.

Жалпы, «ХЖТИЖО» КЕАҚ қойылған мақсаттарға жоспарлы түрде қол жеткізеді. Осы жетістіктердің барлығы біздің алға жылжуға және бастамаларымызда айтарлықтай жетістіктерге жетуге дайын екенімізді көрсетеді.

Әрине, соңғы жылы Акционердің, Директорлар кеңесінің, біздің қызметкерлердің нақты қолдауынсыз барлық нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмас еді. Сондықтан мен баршаңызға 2022 жылы жемісті ынтымақтастық үшін алғысымды білдіремін және жұмысымыз одан әрі жалғастырылады деп үміттенемін.

Орталық туралы

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 224 қаулысымен «АСТАНА - ЭКСПО 2017» көрмесінің инфрақұрылымы мен мұрасы негізінде құрылды.

Орталықтың негізгі функциясы «жасыл» технологияларды ілгерілету, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету үшін бизнесті қолдау болып табылады. Орталық «жасыл» бизнеске көшу, «жасыл» технологиялар мен үздік тәжірибелерді трансферттеу және бейімдеу, «жасыл» қаржыны дамыту және инвестицияларды ынталандыратын басқа да шаралар міндеттерін шешуге бағытталған..

Орталықтың басқа маңызды міндеті қоршаған ортаға әсер ету деңгейін айтарлықтай төмендету мақсатында ірі кәсіпорындардың ЕҚТ қағидаттарына көшу процесін сүйемелдеу болып табылады. Орталықта құрылған ЕҰТ ұлттық бюросы ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу және ЕҚТ енгізу процесін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

"ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ОРТАЛЫҒЫ" КЕАҚ 2020-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Миссия

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін "жасыл" технологияларды ілгерілету және бизнесті қолдау.

Пайым

"Жасыл" технологиялар нарығының ұлттық үйлестірушісі және «жасыл» өсу саласындағы танымал халықаралық серіктес.

Стратегиялық мақсаттар

1

Қазақстан Республикасында «жасыл» технологиялар нарығын дамыту үшін жағдайлар жасау

- Қазақстандық "жасыл" технологиялар мен жобалар нарығын қазіргі заманғы жағдайларға бейімдеу.
- "Жасыл" бизнесті дамытуға жәрдемдесу.

2

Қазақстан Республикасының Ең үздік қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына көшуіне жәрдемдесу

- ЕҚТ бойынша техникалық комитет құру
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған қызмет түрлері бойынша тәуелсіз сараптама пулын құру
- ЕҚТ қағидаттарына көшуді институционализациялау: нормативтік-техникалық және құқықтық базаны дайындау.
- ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалықтарды әзірлеу.
- Мүдделі тараптарға ЕҚТ қағидаттарына көшу, тренингтер өткізу мәселелері бойынша консультация беру.

3

"Жасыл" қаржыландыруды тарту, тәжірибе алмасу және технологиялар трансферті бойынша танылған халықаралық серіктес болу

- Орталықты Жасыл климат қорында (ЖКҚ) аккредиттеу
- Халықаралық бағдарламалардағы (ЕО, БҰҰДБ, UNIDO және т.б.) жұмыс шеңберінде қаржыландыруды тарту және тендерлерге қатысу (ЕҚДБ, ДБ, АДБ және т.б.)
- Өңірлік жобаларды іске асыру.
- Орнықты даму саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл, оның ішінде Орталықтың тәжірибесімен алмасу және сараптамалық әлеуетін арттыру.

Қазақстан Республикасының ЕҚТ қағидаттарына көшуіне ықпал ету

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҚТ ҚАҒИДАТТАРЫНА КӨШУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ

Ең үздік қолжетімді техникалар (ЕҚТ) тұжырымдамасы қоршаған ортаны қорғау мен адам денсаулығын қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, отандық өнеркәсіптің технологиялық нормалауға негізделген реттеуге көшуін қамтамасыз етуге арналған ластанудың алдын алу мен бақылаудың негізгі құралы ретінде қолданылады.

Жұмыс органы (ХЖТИЖО КЕАҚ ең үздік қолжетімді техникалар бюросы)

- ЕҚТ жүйесінің жұмыс процестерін институцияландыру
- ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу процесін әкімшілендіру
- Деректерді жинау мониторингі
- Қоғамдық талқылауға арналған платформа
- ЕҚТ анықтамалықтарын әзірлеуге арналған цифрлық платформа

Өнеркәсіп

- Міндеттемелерді сақтау
- Технологияларды жаңғырту және бейімдеу
- Әртараптандыруға ықпал ету

Жұртшылық

- Мүдделерді қорғау
- Хабардарлықты арттыру
- Мүмкіндіктерді кеңейту
- Саясатты бақылау және бағалау
- Саясатты іске асыруға қатысу

Сарапшылар қауымдастығы

Білікті тәсіл

Мемлекет

- Заңнамалық нормалау
- Құқықтық бақылау
- Экономикалық ынталандыру

ЕҚТ БОЙЫНША АНЫҚТАМАЛЫҚТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ



2022 жыл (7 анықтамалық)



Мұнай және газ өндіру 70 ЕҚТ

Экологиялық әсері:

Эмиссиялардың төмендеу көлемі нақты жағдаймен салыстырғанда шамамен 52% немесе 218 928 т/ж құрайды.

Темір кендерін (қара металдың өзге де кендерін қоса алғанда) өндіру және байыту



26 ЕҚТ

Экологиялық әсері:

Эмиссиялардың төмендеу көлемі нақты жағдаймен салыстырғанда шамамен 80% немесе 2 100 т/ж құрайды.

Ферроқорытпа өндірісі



45 ЕҚТ

Экологиялық әсері:

Эмиссиялардың төмендеу көлемі нақты жағдаймен салыстырғанда шамамен 88% немесе 27 332 т/ж құрайды.

Түсті металл кендерін өндіру және байыту (бағалы металдарды қоса алғанда)



22 ЕҚТ

Экологиялық әсері:

Эмиссиялардың төмендеу көлемі нақты жағдаймен салыстырғанда шамамен 75% немесе 35 657 т/ж құрайды.

Қорғасын өндірісі



41 ЕҚТ

Экологиялық әсері:

Эмиссиялардың төмендеу көлемі нақты жағдаймен салыстырғанда шамамен 70% немесе 18 300 т/ж құрайды.

Мыс және бағалы металл – алтын өндірісі



71 ЕҚТ

Экологиялық әсері:

Эмиссиялардың төмендеу көлемі нақты жағдаймен салыстырғанда шамамен 65% немесе 63 000 т/ж құрайды.

Мырыш және кадмий өндірісі



45 ЕҚТ

Экологиялық әсері:

Эмиссиялардың төмендеу көлемі нақты жағдаймен салыстырғанда шамамен 55% немесе 15 000 т/ж құрайды.

2022 жылғы
желтоқсанда ЕҚТ
бойынша
анықтамалық
жобалар ЭТРМ-ға
жіберілді

ЕҚТ БОЙЫНША АНЫҚТАМАЛЫҚТАР

2022

4

044 «Технологияларды және үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жылдам көшуіне ықпал ету» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 4 ЕҚТ бойынша анықтамалық әзірленді

ТЖТ мүшелерінің саны

190

Өткізілген ТЖТ отырыстары

50

Коммерциялық қаражат шеңберінде 3 ЕҚТ бойынша анықтамалық әзірленді

3

320 ЕҚТ

21

Ұлттық сарапшы

халықаралық қолдау

WESCOOP


ТЕХНИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ТОПТАРЫ



Техникалық жұмыс топтары (ТЖТ) – барлық мүдделі тараптардың қатысуы мен мүдделерінің паритеті негізінде Ең үздік қолжетімді техникалар жөніндегі бюро жанынан ең үздік қолжетімді техникалар жөніндегі анықтамалықтардың жобаларын әзірлеу және қарау мақсатында құрылған техникалық жұмыс органдары.

2021 жылғы 28 қазандағы №775 Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтарды әзірлеу, қолдану, мониторингілеу және қайта қарау қағидаларына сәйкес ТЖТ құрамына төмендегілердің өкілдері кірді:

1. өнеркәсіп субъектілері;
2. ЕҚТ қолданылатын тиісті салалардағы ғылыми ұйымдар;
3. экологиялық бірлестіктер;
4. халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдар;
5. ең үздік қолжетімді техника қолданылатын тиісті салалар бойынша қажетті білімі мен тәжірибесі бар жұртшылық, тәуелсіз отандық және шетелдік сарапшылар.



Жасыл технологиялар нарығын дамыту


ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТЕРІС ӘСЕРДІ АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕТІН ЭЫДҰ ЕЛДЕРІНІҢ ҚОРЛАРЫНА ШОЛУ



«Әлем өнеркәсіп пен экономиканы экологияландыру жағына қарай дамуда. Біз де шет қала алмаймыз - мұның бәрінің экспорт, инвестиция және технологиялар трансферті арқылы әсер етеді. Сондықтан мен 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу міндетін қойдым...»

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы

ШОЛУДЫҢ МАҚСАТЫ - қазақстандық экономиканың қажеттіліктері үшін климаттық қаржыландыру тұрғысынан өзекті, декарбонизация және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету жөніндегі жобаларға инвестициялар үшін қаржылық мүмкіндіктер беретін қорларды іріктеу.



Климаттық қаржыландыру қорларының 3 тобы :



БҰҰ КӨНК қаржылық тетіктері



Екі жақты қорлар мен бастамалар



БҰҰ КӨНК-ден тыс көпжақты климаттық қорлар

20 мекеме жаһандық климаттық инвестицияларға қол жеткізу шарттарын талдау арқылы іріктелді

Шолудың негізгі параметрлері:

- Жалпы ақпарат (мекеменің атауы, елі, орналасқан жері)
- Қаржыландыру саласы/қолдау көрсетілетін жобалар пулы;
- Шоғырландырылған бюджет және активтер;
- Қол жеткізу шарттары және инвестицияларға қойылатын ерекше талаптар;
- Жалпы қорытындылар мен ұсынымдар.


Климаттық қаржыландырудың жаһандық архитектурасының фокус-топтары

1



Көпжақты институттар, яғни Жасыл климат қоры сияқты БҰҰ КӨНК-мен байланысты қаржы институттары және БҰҰ КӨНК-мен байланысты емес қорлар, мысалы, көпжақты даму банктері немесе БҰҰ бағдарламалары құрған қорлар.

2




Екіжақты донорлардан, негізінен дамыған елдерден, мысалы, Ұлыбритания, Германия, Франция, Швейцария, АҚШ, Жапония және басқалардан әртүрлі бюджеттік баптары бар екіжақты климаттық қаржыландыру.

3



Үшінші тартымды терезе, үкіметтік емес гранттардың кең спектрі, соның ішінде жеке қорлар және донорлық агенттіктер. Бұл қорлар, көптеген екіжақты немесе көпжақты қорлардан айырмашылығы, әдетте азаматтық қоғам ұйымдарына артықшылық береді.

4



Төртінші және соңғы терезеге дамушы елдердің әртүрлі ұлттық және аймақтық қорлары кіреді.

Шолудың қорытындысы бойынша Қазақстан үшін неғұрлым өзекті қаржы тетіктері бойынша ұсынымдар берілді

ЖАСЫЛ ЖОБАЛАРДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

16 жоба қаралды (2 санатқа бөлінді)

1-санат,

инвестицияларды, жеке
инвестицияларды талап етпейді

Барлығы 4 жоба

2-санат,

инвестицияларды, технологияларды,
инновацияларды және жобаларды талап
етеді

Барлығы 12 жоба

Жасыл сатып алуды талдау

1. Жалпы талдау жүргізілді, 7 елдің анағұрлым табысты тәжірибесі анықталды

2. Қазақстанда халықаралық тәжірибені имплементациялау бойынша ұсынымдар әзірленді



ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ ВЕБИНАРЛАР

Ғылыми-техникалық кеңес ғылыми-академиялық қоғамдастықтың, ірі өндірістік секторлардың, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін, ҚР Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттарын елдің "жасыл" дамуы саласындағы сараптамалық пікір мен ұсынымдарды ілгерілету мақсатында біріктіреді. 2022 жылы ғылыми-техникалық кеңес 3 ЕҚТ бойынша анықтамалыққа сараптамалық бағалау жүргізді.

2022 жылы – **13** вебинар өтті

- Жалпы аудитория ауқымы – **1100** адамнан көп.

Бағыттары:

- ЕҚТ енгізу мәселелері
- ESG қағидаттарын енгізу
- "Жасыл" экономикаға көшу мәселелері
- «Жасыл» технологиялар



Халықаралық ынтымақтастық

Жасыл климат қорында аккредиттеу

Жалпы ақпарат

ЖКҚ – климаттық қаржыландырудың ең ірі көзі, Париж келісімінің қаржылық механизмінің құралы.

2010 жылы КС-16-да құрылды.

Жобалар портфелі: жалпы бюджеті **12.8** млрд АҚШ долларын құрайтын **128** елдегі **228** жоба

- **91** аккредиттелген ұйым

- **147** ұйым аккредиттеу процесінде

ЖКҚ қаражатына қол жеткізу аккредиттелген ұлттық, өңірлік және халықаралық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.


ЖКҚ қаржы құралдары:

- ✓ гранттар
- ✓ кредиттер
- ✓ жарғылық капиталға қосылу
- ✓ кепілдіктер

ХЖТИЖО-ны аккредиттеуге өтініш беру

МАҚСАТЫ: ЖКҚ ұлттық серіктесі болу және төмен көміртекті жобаларды басқару және іске асыру үшін гранттар түрінде ЖКҚ қаржыландыруына қол жеткізу (10 млн дейін)

3 сатылы аккредиттеу рәсімі



Қосымша ақпарат:

- Readiness-2 бағдарламасы аясында қолдау - аккредиттеу бойынша оң шешім қабылдау ықтималдығын арттырады.

READINESS-2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖКҚ-НЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУЫНА ӘЗІРЛІГІН ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2022 жылғы 29 қазанда Readiness-2 бағдарламасын іске асыру туралы келісімге қол қойылды

Бюджеті 998 мың доллар

Донорлар: ЖКҚ
Халықаралық серіктестер: UNOPS
Ұлттық координатор: ҚР ЭТРМК
Ұлттық орындаушы: ХЖТИЖО КЕАҚ
Іске асыру мерзімі: 18 ай
Жобаның басталуы: 2023 жылғы наурыз.

Міндеттер

- Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізу үшін ЖКҚ қаржы қаражатына қол жеткізу үшін жағдайлар жасау.

Жоспарлар

- Елдік бағдарламаны әзірлеу.
- Үйлестіру тетігін құру үшін құжаттарды әзірлеу.
- ЖКҚ-дан аккредиттеу алу үшін 3-ші ұйымдарға ішкі саясат пен процестерді жақсартуға көмектесу.
- Жасыл қаржыландыруды тарту бойынша жеті салада жеке кәсіпорындарды оқыту.
- Қаржы секторы үшін құжаттарды әзірлеу.
- Табиғи апаттардың мониторингі мен болжау жүйесін жетілдіру (орман өрттері мен су тасқыны).

Болжамды нәтижелер

- Елдік бағдарлама әзірленді (салалық басымдықтар және жобалар портфелі).
- ЖКҚ қаржыландыратын жобаларды қарау үшін ведомствоаралық үйлестіру тетігі құрылды.
- 3 ұйымға ЖКҚ-дан аккредитация алуға қолдау көрсетілді.
- "Жасыл" қаржыландыру тетіктері қаржы секторының қолданыстағы процестеріне біріктірілген.
- Табиғи апаттарды (орман өрттері мен су тасқыны) мониторингілеу және болжау жүйесі жетілдірілді.

"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАЗА ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ - ҚАЗАҚСТАНДА "ЖАСЫЛ" ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ ҮШІН ШОБ-ТА ТАЗА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ» (GCIIP-KAZAKHSTAN)

2022 жылдың 2 қарашасында ЮНИДО-мен 3 жылдық мерзімге 1,433,685 АҚШ доллары көлемінде келісімге қол қойылды

Бюджеті 1 млн. 433 мың доллар

Донорлар: ЖЭҚ – 7

Халықаралық серіктестер: ЮНИДО

Ұлттық координатор: МЭПР РК

Ұлттық орындаушы: ХЖТИЖО КЕАҚ

Іске асыру мерзімі: 36 ай

Жобаның басталуы: 2023 жылғы наурыз.

Міндеттер

- Жасыл технологиялар саласындағы инновациялық идеяларды оқыту (3 цикл) және инвесторларды тарту (стартаптарды дамыту) арқылы масштабталатын тұрақты бизнеске дейін ілгерілету.
- Таза технологияларды дамыту үшін ведомствоаралық өзара іс-қимыл процесін басқару жүйесін құру.

Жоспарлар

- 2023 - 2025 жылдары оқытудың 3 циклін өткізу.
- Брокерлік іс-шараларды өткізу: ҚР 8 қаласында өнеркәсіптік кәсіпорындарға бизнес-тұжырымдамаларды таныстыру (2023 жылы 2, 2024 жылы 4, 2025 жылы 2).
- 3 ұлттық форум өткізу және 3 жаһандық форумға қатысу.
- Инвесторлар үшін бизнес-жобалардың презентацияларын өткізу (Investor Connect).

Болжамды нәтижелер

- Оқытудан (акселерациядан) өткен 100-120 жоба;
- жаһандық инвестициялық форумда ұсынылған кемінде 10 жоба.

"ЖАСЫЛ КӨПІР" СЕРІКТЕСТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Қаржылық және
техникалық көмек
шеңберінде гранттар
тарту

Климаттық инвестицияларды тарту
бойынша халықаралық әріптестік

ЕҚТ
қағидаттарына
көшу бойынша
халықаралық
тәжірибе

Халықаралық
бағдарламаларға
қатысу



Ministry of the Environment
of the Czech Republic



2021-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖКСБ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ МОНИТОРИНГІ

2021 жылғы ақпанда 2021-2024 жылдарға арналған ЖКСБ ілгерілету жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Бөлімдер

Зерттеулер, ғылым және білім

Технология, коммерцияландыру және жасыл қаржыландыру
ЖКСБ ілгерілету жөніндегі

ұйымдастырушылық және құқықтық мәселелер

Ақпараттық ілгерілету

Тармақтар

28

Орталық іске асыратын тармақтардың саны

16

2021-2024 жылдарға арналған ЖКСБ ілгерілету жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары

Іске асыру мониторингі



Мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, ҒЗИ және ЖОО-лармен пысықтау



Сұрау салуларды жіберу, ақпаратты алу және өңдеу



Есепті қалыптастыру және ұсыну, тоқсан сайын

«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын түсіндіру және ілгерілету бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы Хартияға Біріккен Араб Әмірліктері қосылды



«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы аясында CCUS технологияларын ілгерілету

**2022 жылғы 10 наурыз, Ғылыми-практикалық
конференция (онлайн)**

№ 1-панельдік сессия :

Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін CCUS технологияларын қолдану


№ 2-панельдік сессия :

Өнеркәсіп пен энергетикадағы CCUS технологиялары

№ 3-панельдік сессия :

CCUS технологияларын адвокаттандыру және қаржыландыру

200-ден астам қатысушы





COP27 конференциясы

2022 жылғы 6-14 қараша, Шарм-эль-Шейх қаласы, Мысыр

Орталық халықаралық ұйымдармен, ірі компаниялармен бірқатар тақырыптық кездесулер өткізді, олар:

- «ICAP» көміртек шығарындыларымен күрес жөніндегі халықаралық әріптестік;
- «ICAT» климаттық іс-қимылдардың ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі бастама;
- Біріккен Ұлттар Ұйымының «ЮНИДО» өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы;
- БҰҰ Азия және Тынық мұхиты экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (БҰҰ ЭСКАТО);
- Дүниежүзілік Банк және басқалары.



МИНИСТЕРСТВО
ЭКОЛОГИИ,
ГЕОЛОГИИ И
ПРИРОДНЫХ
РЕСУРСОВ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

"Көмір өндіру контексіндегі жасыл технологиялар" дөңгелек үстелі

2022 жылғы 15 маусым, Астана қ., Қазақстан Республикасы

Іс-шараның мақсаты - Қазақстанда көмір өнеркәсібін дамыту перспективаларын ашық диалог форматында талқылау, сондай-ақ Қазақстанда "таза" көмір генерациясы технологияларын қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.

Қатысушылар: ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Энергетика министрлігі, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Азия даму банкі, Самұрық-Энерго, «Атамекен» ҰКП, "Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы" ЗТБ (ТКӨ ТКМК).

150-ден астам қатысушы





Ақпараттық жұмыс

ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ

Орталықтың www.igtipc.org web-сайтындағы **40-тан астам** баспасөз хабарламасы және ақпараттық хабарлама.

Жиынтық қамту – 23 868 пайдаланушы



Республикалық БАҚ-тағы (жаңалықтар сайттары және телеграм арналар, телеарналар) **60-тан астам жарияланым**, мақала, баспасөз хабарламасы.
Жиынтық қамту – 268 750 пайдаланушы



Әлеуметтік желілерде ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде жарияланған **140-қа жуық ақпараттық пост**.
Жиынтық қамту – 55 556 пайдаланушы



Балалар арасындағы байқау

Байқау бүкіл Қазақстан бойынша мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қамтыды. **1000-нан астам жұмыс келіп түсті, олардың 700-ден астамы конкурстың барлық талаптары мен ережелеріне сәйкес келді**

Үздік «экологиялық» бұйым. 4 жастан 6 жасқа дейін

Үздік «жасыл» жоба. 13 жастан 17 жасқа дейін

Үздік «жасыл» дубляж. 7 жастан 12 жасқа дейін



АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС: «GREEN TALKS»

"GREEN Talks«-ты өткізу форматы: жасыл экономика саласындағы өзекті тақырыптарды талқылау үшін уәкілетті органдардың, салалық қауымдастықтардың, ұлттық компаниялардың, халықаралық ұйымдардың өкілдерінің және елдің жетекші салалық сарапшыларының қатысуымен бейне-подкаст форматында сұхбат жүргізу.

Маусым
№ 1-шығарылым

ЖЭК

Шілде
№ 2-шығарылым

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру

Тамыз
№ 3-шығарылым

Көміртексіздендіру және ESG

Тамыз
№ 4-шығарылым

Ауаның ластануы

Қазан
№ 5-шығарылым

Ең үздік қолжетімді техникалар

Қараша
№ 6-шығарылым


Шығарындылар мен парниктік газдар саласындағы реттеу

Қараша
№ 7-шығарылым

ҚТҚ басқару

Қараша
№ 8-шығарылым

Электрэнергетика



Корпоративтік басқару

АКЦИОНЕРЛЕР



Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2022 жылғы 31 тамыздан бастап 100% акциялар пакетіне иелік етеді



2022 жылғы 31 тамызға дейін
«Қазақстанның экологиялық ұйымдар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне Орталық акцияларының жалпы пакетінің 50% +бір акциясына иелік етті

«ХЖТИЖО» КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



**Сүлейменова Зульфия
Болатқызы**

Директорлар кеңесінің мүшесі
болып тағайындалды, 2022
жылғы 25 мамыр



**Қанапьянов Шыңғыс
Сержанұлы**

Директорлар кеңесінің мүшесі
болып тағайындалды, тәуелсіз
директор, 22.10.2019 жылы



Иванова Анна Олеговна

2021 жылғы 28 мамырда
Директорлар кеңесінің мүшесі
болып тағайындалды



**Вильям Бьюн (William I.Y.
Byun)**

22.10.2019 жылғы
Директорлар кеңесінің
мүшесі, тәуелсіз директор
болып тағайындалды
(07.09.2022 жылға дейін)



**Соловьева Айгуль
Сағадибекқызы**

2019 жылғы 22 қазанда
Директорлар кеңесінің
мүшесі болып тағайындалды
(07.09.2022 жылға дейін)



Кевин Ким (Kevin Kim)

19.08.2019 жылғы Директорлар
кеңесінің мүшесі, тәуелсіз
директор болып тағайындалды
(07.09.2022 жылға дейін)

«ХЖТИЖО» КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2022 КОРПОРАТИВТІК ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Директорлар кеңесі есепті кезеңде 42 мәселені қарап, олар бойынша тиісті шешімдер қабылдады.

Директорлар кеңесі:

- Басқарманың сандық құрамы және оның өкілеттік мерзімі айқындалды, Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің (ҚНК) 2022 жылға арналған карталары бекітілді;

- акционерлердің қарауына шығару үшін Орталықтың 2022 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі алдын ала бекітілді.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңына сәйкес Орталық өз акциялары бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

Орталықтың барлық кірістері тек қана Орталықты дамытуға пайдаланылады.

Директорлар Кеңесінің мүшелері, оның ішінде тәуелсіз мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырды.

Директорлар кеңесі отырыстарының саны	
2022	
Отырыстар саны	10
Көзбе-көз нысанда	8
Сырттай нысанда	2
Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы	
2022 год	
Сүлейменова Зульфия Болатқызы	100%
Соловьева Айгуль Сағадібекқызы	100%
Иванова Анна Олеговна	100%
Қанапьянов Шыңғыс Сержанұлы	100%
Кевин Ким	100%
Вильям Бьюн	100%

«ХЖТИЖО» КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ 2022 КОРПОРАТИВТІК ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Орталықтың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 08 қарашадағы шешімімен Директорлар кеңесінің комитеттері құрылды, сондай-ақ Орталықтың Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже бекітілді.

Комитеттің шешімдері орталықтың Директорлар кеңесі үшін ұсынымдық сипатта болады. Комитет мүшелері болып орталықтың Директорлар кеңесі құрамынан Директорлар сайланды. Комитеттердің төрағалары болып ҚР заңнамасына сәйкес тәуелсіз директорлар сайланды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті орталық қызметінің басым бағыттарын, Орталықтың даму стратегиясын келісу мәселелерін қарайды, даму стратегиясын іске асыру жоспарының орындалуы бойынша есептерді тыңдайды, сондай-ақ Орталықтың даму жоспарын алдын ала мақұлдайды.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысу пайызы, (%)
1.	Вильям Бьюн	Стратегиялық жоспарлау комитетінің Төрағасы, тәуелсіз директор	100
2.	Кевин Ким	Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі, тәуелсіз директор	100
3.	Қанапьянов Шыңғыс Сержанұлы	Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі, тәуелсіз директор	100

«ХЖТИЖО" КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2022 КОРПОРАТИВТІК ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет :

- Директорлар кеңесі мен басқарма мүшелігіне кандидаттарды іріктеу критерийлерін айқындайды және оларды марапаттау немесе көтермелеу саясатын әзірлейді;
- Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің қызметіне тұрақты бағалау жүргізеді.

Комитеттің функцияларына тағайындау (сайлау), уәждемелік KPI қою, қызметті бағалау, сыйақы беру және Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау мәселелері, корпоративтік хатшыны және ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау және сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы осындай өкілеттіктерді берген жағдайларда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысу жатады.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысу пайызы, (%)
1.	Кевин Ким	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор	100
2.	Вильям Бьюн	кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор	100
3.	Қанапиянов Шыңғыс Сержанұлы	кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор	100

«ХЖТИЖО» КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТИҢ 2022 КОРПОРАТИВТІК ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің мақсаты Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауға байланысты мәселелерді алдын ала қарау бөлігінде Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттеріне мыналар жатады: :

- орталықтың бухгалтерлік (қаржылық) есептілігін қалыптастыруды қадағалау;
- ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің сенімділігі мен жұмыс істеу тиімділігін бақылау;
- ішкі аудит функциясын жүзеге асырудың тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету;
- сыртқы аудит жүргізуді және сыртқы аудиторды таңдауды қадағалау.

2022 жылы аудит және тәуекелдер комитеті 4 көзбе-көз отырыс өткізді. Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет өз құзыреті шегінде әртүрлі салаларда 5 мәселені қарады.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысу пайызы, (%)
1.	Қанапьянов Шыңғыс Сержанұлы	Комитет Төрағасы, Тәуелсіз директор	100%
2.	Ким Кевин	Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор	100%
3.	Бьюн Вильям	Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор	100%

«ХЖТИЖО» КЕАҚ БАСҚАРМАСЫ



Басқарма **Төрағасы** -
Ағабеков Олжас
Пернеханұлы

(сайланған күні - 2022 жылғы
17 Қыркүйек)

«ХЖТИЖО» КЕАҚ
Басқармасын басқарады.
Орталықтың барлық
құрылымдық бөлімшелері
мен қызметкерлерінің
қызметіне жалпы бақылауды,
үйлестіруді және
басшылықты жүзеге
асырады.



Басқарма Төрағасының
орынбасары - Игенова Жанар
Райымқұлқызы

(сайланған күні - 2021 жылғы
23 сәуір)

Жасыл технологиялар және халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша жұмысты қадағалайды және үйлестіреді




**Басқарма Төрағасының
орынбасары - Тасбаев Ерлан
Едігеұлы**

(сайланған күні - 2022 жылғы
1 наурыз)

Ең үздік қолжетімді техника
қағидаттарына көшуге
жәрдемдесу мәселелері
бойынша жұмысқа
жетекшілік етеді және
үйлестіреді

«ХЖТИЖО» КЕАҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2022 КОРПОРАТИВТІК ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

-  Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, орталықтың Жарғысына, акционерлердің жалпы жиналысының (Жалғыз акционердің) және Орталықтың Директорлар кеңесінің шешімдеріне, оның ішінде басқарма туралы ережеге және орталықтың өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.
-  Басқарма туралы Ереже Басқарманың мәртебесін, оны қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, Басқарма отырыстарын шақыру, өткізу тәртібін, Басқарма жұмысының регламентін айқындайды.
-  Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, орталықтың Жарғысында Орталықтың басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған орталық қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқығы бар.
-  2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Басқарма 41 отырыс өткізді, 123 мәселе қаралды.



Орнықты даму

Орталық

өз қызметінде Қазақстанның "жасыл" экономикаға көшуіне жәрдемдесе отырып, мынадай қағидаттарға сәйкес келуге ұмтылады:


- халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;
- адам құқықтарының бұзылуына қатыспауды қамтамасыз етеді;
- ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және құптайды;
- мәжбүрлі және балалар еңбегін жоюға, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді;
- сақтық принципіне негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;
- қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдайды;
- экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі;
- сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа төзбеушілік туралы мәлімдейді.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Орталық мүдделі тараптармен қарым-қатынас орната отырып, төмендегі негізгі принциптерді басшылыққа алады :

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу және есепке алу;
- мақсатты аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді ақпараттандыру;
- мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтерді ұсыну) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындау;
- тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алу.

Карта стейкхолдеров некоммерческого акционерного общества
«Международный центр зеленых технологий и инвестиционных проектов»



Примечание: Размер окружности показывает степень взаимодействия Компании со стейкхолдерами. С увеличением размера окружности увеличивается и степень взаимодействия.

Адам ресурстарын басқару

АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

Бір жыл ішінде Орталықтың конкурстық комиссиясы персоналды іріктеу бойынша 21 отырыс өткізді, оған 59 кандидат қатысты, оның ішінде 25 адам жұмысқа қабылданды.

15 қызметкердің жоғары техникалық білімі бар



100% қызметкердің білімі жоғары

4 қызметкердің ғылыми дәрежесі бар




17 қызметкерлердің академиялық магистр дәрежесі бар

Тиімді мансаптық өсу үшін 12 қызметкерді ішкі ауыстыру жүзеге асырылды :
1) сатылас мансаптық өсу – **9**,
2) деңгейлес мансаптық өсу – **3**.

31.12.2022 жылғы жағдай бойынша 57 қызметкер бар


47,4%



52,6%




Басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі
(шешім қабылдау деңгейінде)



Құрылымдық бөлімше басшылары деңгейіндегі әйелдердің үлесі





Қызметкерлердің лауазымдарының санаты, %



■ ПП ■ АУП

Қызметкерлердің жас көрсеткіштері



АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

АДАМ КАПИТАЛЫН ҮНТАЛАНДЫРУ – ЕҢБЕК ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ КЕПІЛІ

Тұрақты негізде ЕҚТ және ТЖТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу үшін тәуелсіз сарапшыларды іздеу туралы өтінімдер әртүрлі HR алаңдарына, JobKZ арнасына, сондай-ақ қызметі экологиялық сараптамамен байланысты ұйымдардың пошталарына жіберілді. Сарапшыларды іздеу enbek.kz сайтының еңбек биржасында, hh.kz және персоналды іздеу жөніндегі телеграм арналарда жүргізіледі.



Есептік жыл ішінде Орталықтың 32 қызметкері төмендегі наградалармен марапатталды :

- 1) ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің Құрмет грамотасы– **4**;
- 2) Орталық Басқарма Төрағасының алғыс хаттары– **28**.



Қызметкерлердің мақсаттарының тоқсан сайынғы карталары әзірленіп, бекітілді (100% қамту), II, III және IV тоқсанның қорытындылары бойынша қызметкерлер сыйлықақы алды.



Орталық қызметкерлерін оқытудың және олардың құзыреттерін дамытудың 2022 жылға арналған күнтізбелік жоспары бекітілді және Орталықтың ішкі тренерлері тағайындалды

Құзыреттерді дамыту



Наурыз мейрамы қарсаңында корпоративтік мәдениетті және ұжымның тұтастығын дамыту мақсатында мерекелік іс-шара мен байқаулар өткізілді, олардың қорытындысы бойынша 3 номинация белгіленді.

Орталықтың қызметіне қаржылық- экономикалық шолу

ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

Орталықтың 2022 жылғы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепке сәйкес :

- кірістер-ҚҚС есептемегенде 1 224 685,80 мың теңге, жоспарлы көрсеткіштер деңгейінде немесе 100,04 %;
- шығыстар-ҚҚС есептемегенде 1 139 932,69 мың теңге, бұл 10 622,29 мың теңгеге немесе жоспарлы көрсеткіштерден 0,92 %-ға төмен.
- салық төлемдері 404 207 мың теңгені құрады.

Жалпы қаржылық көрсеткіштер төмендегідей:

- активтер 2022 жылғы 31 желтоқсанның аяғында 385 689 мың теңгені құрады;
- міндеттемелер 68 204 мың теңге;
- капитал 317 485 мың теңге. Капиталға жарғылық капитал мен бөлінбеген пайда кіреді.

Салық салуға дейінгі табыс 84 753 мың теңгені, таза табыс 59 567 мың теңгені құрады.

Аудит және қаржылық есептілік

АУДИТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Аудит

«Алма Аудит» ЖШС Жалғыз акционердің шешімімен 2022 жылға Орталықтың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып белгіленді (ҚР Қаржы министрлігі берген № 20011167 мемлекеттік лицензия), «ҚР Аудиторлар палатасы» ПАҚ және IFAC Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі, Лондонда штаб-пәтері бар «Nexia International» халықаралық аудиторлық желісінің мүшесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) тізбесіне енгізілген.

Аудит ҚР Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің сапа менеджменті жүйесінің және Аудиттің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Қаржылық есептілік

Орталықтың 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін Орталықтың Жалғыз акционері бекітті (2023 жылғы 18 тамыздағы №243-Ө бұйрық).

Бекітілген жылдық қаржылық есептілік ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы қаржы есептілігі орталық депозитарийінің сайтында орналастырылған.

Назарларыңызға
рақмет!

**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР
ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ**

010000, Қазақстан, Астана қ.,
Достық көшесі, 18
«Москва» бизнес орталығы,
тел.: +7 (7172) 79-77-95
эл. почта: info@igtipc.org